



**ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ Қ А У Л Ы С Ы**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ**

2011 жылғы 19 тамыз № 159

Алматы қ.

г. Алматы

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің операциялық
күнінің кестесін бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем құжаттарын, ақшаны резервке алуға және қолма-қол ақшаны алуға арналған өтінімдерді қабылдау және өңдеу, ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру тәртібін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операциялық күнінің кестесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Операция күнінің кестесін бекіту туралы» 2009 жылғы 21 қарашадағы № 184 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.А. Бектасовқа жүктелсін.

**Ұлттық Банк
Төрағасы**

Г. Марченко

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
 Директорлар кеңесінің
 2011 жылғы 19 тамыздағы
 № 159 қаулысына
 қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
 операциялық күнінің кестесі**

р/с №	Жұмыстың атауы	Уақыты	
		басталуы	аяқталуы
	<p>Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырмайтын заңды тұлғалардан (бұдан әрі - клиент) төлем құжаттарын қабылдауы:</p> <p>- ұлттық валютасындағы төлем тапсырмалары;</p> <p>- шетел валютасындағы төлем тапсырмалары</p>	09-00	17-00
		09-00	<p>Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетел валютасымен, аккредитивтермен, бағалы қағаздармен және қымбат металдармен операциялар жүргізу жөніндегі тарифтері мен шарттарын бекіту туралы» 2004 жылғы 28 шілдедегі № 191 қаулысына сәйкес</p>

1.1	Ұлттық Банктің инкассалық өкімдерді, төлемдік талап-тапсырмаларды, банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға арналған/жаңарту туралы өкімдерді, қолма-қол ақшаны алуға арналған чектерді қабылдауы	09-00	13-00
1.2	Ұлттық Банктің SWIFT жүйесі бойынша түскен төлем құжаттарын клиенттердің пайдасына қабылдауы	09-00	18-00
1.3	Ұлттық Банкте техникалық мүмкіндіктер болған кезде Ұлттық Банктің клиенттерден жоғары басымды төлемдер жүргізу үшін төлем тапсырмаларын қабылдау уақытын ұзарту	17-00	20-00
2	Ұлттық Банктің қабылданған төлем құжаттары бойынша төлемдерді жүзеге асыруы, оның ішінде:	09-00	19-00
2.1	«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Орталық) клиринг жүйесі арқылы бес миллион теңгеден аспайтын сомаға төлемдерді жүзеге асыру	09-00	14-45
2.2	Орталықтың банкаралық ақша аудару жүйесі (бұдан әрі – банкаралық ақша аудару жүйесі) арқылы төлемдерді жүзеге асыру	09-00	19-00
2.3	Ұлттық Банктің операциялық жүйесі арқылы төлемдерді жүзеге асыру	09-00	18-00 20-30 (төлем құжаттарын қабылдау уақытын ұзартқан кезде)
3	Ұлттық Банк филиалдарының Ұлттық Банк филиалдарының шығыс кассалары арқылы қолма-қол ақша берілетін күннің қарсаңында клиенттерден қолма-қол ақша алуға өтінімдерді қабылдауы	09-00	17-00 жергілікті уақыт

3.1	<p>Ұлттық Банк филиалдарының ерекше жағдайларда клиенттер үшін Ұлттық Банктің филиалымен алдын ала ауызша келісім бойынша қолма-қол ақша алуға өтінімдерді қабылдау уақытын ұзарту:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қолма-қол ақшаны алу күні қарсаңында; - қолма-қол ақша алу күні 	<p>17-00</p> <p>09-00</p>	<p>18-00</p> <p>жергілікті уақыт</p> <p>11-00</p>
4	<p>Ұлттық Банктің монетарлық операцияларды есепке алу бөлімшесінің Ұлттық Банк филиалдарының шығыс кассалары арқылы қолма-қол ақша беру үшін клиенттің банк шотында ақшаны резервке алуға арналған өтінімдерді қабылдауы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қолма-қол ақшаны алу күні қарсаңында; - ерекше жағдайларда Ұлттық Банк филиалымен алдын ала ауызша келісім бойынша қолма-қол ақша алу күні 	<p>09-30</p> <p>09-00</p>	<p>18-00</p> <p>11-00</p>
4.1.	<p>Ұлттық Банктің монетарлық операцияларды есепке алу бөлімшесінің Ұлттық Банктің тиісті филиалында клиенттің қолма-қол ақша алу үшін олардың сомаларын көрсете отырып:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қолма-қол ақшаны алатын күннің қарсаңында алынған корреспонденттік шоттағы ақшаны резервке алуға арналған өтінімдер бойынша; - ерекше жағдайларда Ұлттық Банк филиалымен алдын ала ауызша келісім бойынша қолма-қол ақшаны алу күні алынған, корреспонденттік шоттағы ақшаны резервке алуға арналған өтінімдер бойынша жиынтық электрондық ведомосты қалыптастыруы және жіберуі 	<p>08-00</p> <p>09-00</p>	<p>09-00</p> <p>11-30</p>

5	Ұлттық Банктің банкаралық ақша аудару жүйесінің операциялық күні ішінде Ұлттық Банкте ашылған пайдаланушының корреспонденттік шотына/шотынан Ұлттық Банктегі банкаралық ақша аудару жүйесіндегі шотынан/шотына пайдаланушының нұсқауы негізінде немесе корреспонденттік шот шартында көзделген жағдайларда ақша аударымдарын жүзеге асыруы	09-00	19-00
6	Қолма-қол ақшаны қабылдау және беру: - Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығында - Ұлттық Банктің филиалдарында	08-30	13-00 Алматы уақыты
		08-30	14-30 Алматы уақыты
6.1	Ұлттық Банктің филиалдарында монеталық және басқа да банк өнімін сату/инвестициялық және коллекциялық монеталарды сатып алу бөлігінде жеке тұлғаларға (заңды тұлғаларға) қызмет көрсету	09-00	15-00
7	Ұлттық Банктің филиалдарының қабылданған (берілген) қолма-қол ақша сомасына арналған кіріс (шығыс) касса ордерін қалыптастыруы, сондай-ақ Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотқа/шоттан осы соманы есептеу (алу) үшін анықталған артық/кем шығулар бойынша төлем ордерін қалыптастыруы және Ұлттық Банктің монетарлық операцияларды есепке алу бөлімшесіне жіберуі	09-00	15-00 Алматы уақыты
8	Ұлттық Банктің ақпарат технологиясы бөлімшесінің «Операциялық күнінің» нәтижелері бойынша жіберілетін ақпаратты қалыптастыруы және оны клиенттерге жіберуі	21-00	05-00 келесі жұмыс күні
9	Ұлттық Банктің ақпарат технологиясы бөлімшесінің шоттар бойынша алдын ала үзінді-көшірмені қалыптастыруы және оны клиенттерге жіберуі	16-40	17-00

10	Өткен операциялық күн үшін клиенттердің банк шоттары бойынша:		
	- қағаз тасымалдауышта	09-00	18-00
	- SWIFT жүйесі бойынша үзінді-көшірмелер беру	09-00	11-00

Ескерту:

Жұмыстың басталу уақыты – жергілікті, 3 және 3.1. тармақтарды қоспағанда жұмыстың аяқталу уақыты – Алматы.